

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

БЕКІТЕМІН

М.Әуезов атындағы ОҚМУ

Оқу ісі және ақпараттық
технологиялар жөніндегі
проректоры



Қ.С.Байболов

2017 ж.

Бағдарлама

«Жас оқытушылар мектебі»

жас оқытушыларға арналған біліктілікті жоғарылату курсының
тыңдаушылары үшін

72 сағат

Құрастырушы: х.ғ.д., профессор Назарбекова С.П., х.ғ.к., профессор Тасыбаева Ш.Б., х.ғ.к., доцент Адырбекова Г.М., т.ғ.к., доцент Рысдәулетов Р.А., рНД докторы Назарбек У.Б., аға оқытушылар Қалдыбаев А.Б., Молдаханова М.М.

Бағдарлама ЖОО оқу үдерісінің нормативтік құжаттары мен “Өрлеу” БАҰО АҚ Алматы филиалында, “Назарбаев университеті” ЖМ, шетелдік ЖОО-да, Халықаралық бағдарламалар және ГПИИР-2 бойынша біліктілікті жоғарылату бағдарламалары негізінде құрастырылған.

Бағдарламаны Ғылыми-педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру бөлімі ұсынды (хаттама № 1 «29» 08 2017ж.)
ҒПКБАБ жетекшісі Р.А. Рысдәулетов
(қолы, аты-жөні)

М.Әуезов атындағы ОҚМУ ОӘК мәжілісінде мақұлданды және ұсынылды (хаттама № 1 «31» 08 2017ж.)

ОӘБ жетекшісі Д.А. Куланова
(қолы, аты-жөні)

1. Түсіндірмелік жазба

Ғылыми-педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру бөлімі ұйымдастыратын «Жас оқытушылар» мектебі курсы - жұмыс өтілі 1 жылдан 5 жылға дейінгі жас мамандардың кәсіби құзіреттілігін артыруға бағытталған. Курстың мақсаты тыңдаушылардың оқытудың мазмұны мен формасына сай оқу бағдарламаларын, силлабустарды, пәннің оқу-әдістемелік кешендерін құрастыру бойынша тәжірибелік дағдылары мен шеберліктерін шыңдауға, жаңа педагогикалық технологиялар мен заманауи оқыту тәсілдерін игеруге көмек көрсету және қазіргі заманғы білім беру мәселелері бойынша ғылыми-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруда әдістемелік нұсқау беру. Сонымен қатар, білім беру саласындағы заңнамалық актілермен, нормативтік құжаттармен және еңбек заңнамаларымен таныстыру болып табылады.

Курстың мақсаты:

- ЖОО үздіксіз педагогикалық тәлімгерлікті ұйымдастыру, жас маманның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, олардың өз қызметтерін творчестволық игеруіне жол ашу және білім беру үдерісін ұйымдастыруда оқу-әдістемелік материалдарды кәсіби игеруге көмек көрсету.

Курстың міндеттері:

- жас оқытушылардың кәсіби құзыреттерін дамыту;
- педагогикалық қызметке бейімделу үдерісін арттыру;
- өзін-өзі кәсіби жетілдіру үшін жағдай жасау;
- педагогикалық шеберлігін дамыту;
- жоғары мектеп жағдайында жас оқытушылардың кәсіби өсуі мен тұлғалық дамуына қолдау көрсету;
- Қазақстандағы және шетелдегі жоғары кәсіби білім берудің даму тенденцияларымен, білім беру жүйесі қызметінің құқықтық және нормативтік негіздерімен таныстыру;
- ЖОО педагогикалық қызметтегі тәжірибелік дағдыларға баулу, дәстүрлі және жаңа педагогикалық технологияларды игерулеріне жағдай жасау;
- тәжірибелі оқытушы-профессорлық құрамның педагогикалық шеберлігін кеңінен тарату, насихаттау.

2. Курстың мазмұны

Курсқа кіріспе. Заманауи білім беру жүйесі. Жоғары білім беру мазмұнын және құрылымын жетілдіру бағыттары. Жоғары білім берудің ұлттық мазмұнын қалыптастырудың әдістемелік негізі. Педагогикалық технологияның түрлері мен алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені оқып үйрену және педагогикалық қызметтегі шығармашылық.

ЖОО оқу үдерісінің нормативтік құжаттары. ҚР «Білім туралы» Заңы. ҚР-ның 2010-2020 жылдардағы білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Жалпыға міндетті білім беру стандарты. ЖОО жұмысын ұйымдастыру тәртібі. Білім беру қызметінде пайдаланылатын құжаттар. Модульдік оқыту бағдарламалары. СӨЖ ұйымадастырудың инновациялық әдістері. Креативті ойлауды дамыту. Командалық жұмыс жағдайындағы СӨЖ жекешеленуі.

Модульдік білім беру бағдарламалары, құрылымы, жүйесі, жасалу жолдары. Білім нәтижесін бағалау жүйесі. Бағалау жүйелерін жіктеудің өлшемдері. Дәстүрлі бағалау мен рейтингтік бағалаудың айырмашылықтары. Қойылған міндеттерге байланысты баллдарды жіктеу. Оқу жетістіктерін тіркеу. Кредиттік технология бойынша білімдерді жинақтап меңгеру. Тест - оқу жетістіктерін бағалау жүйесі ретінде. Бағдарламалар бойынша оқыту мақсаты. Мамандарды даярлауға құзіреттілік қадамдар. Білімді ұсыну тәсілі. Педагогикалық мақсаттар таксономиясы. Б.Блум таксономиясы. Білім беру мақсатының негізгі салалары. Оқу материалын игеру деңгейі. «Блум дөңгелегі». Интерактивті оқыту, негізгі құзіреттіліктердің құралы ретінде. Кейс әдісі. Оқыту үдерісінің нәтижелерін бағалау: рөлі мен функциясы. Педагогикалық тәжірибелерде ассоциограмма әдісін пайдалану. Топтық жұмыстар жасауда творчестволық міндеттерді шешу. Әртүрлі оқыту әдістерінде бағалау жүйесін қолданудағы ерекшеліктер. Оқу жетістіктерін бағалау жүйесінің ерекшеліктері. Студенттердің жетістіктерін бағалау жүйесін, сыни және жинақтап бағалау негіздерін, оқытудың кредиттік технологиясы бойынша білімнің жинақтаушы жүйесін игеруге арналған әдістер. Дуальді оқыту. Дуальді оқыту бойынша серіктес өндіріс орындарымен келісім-шарттар түзу.

Үздіксіз білім беру жүйесіндегі заманауи әдістер. Оқытудағы «дайын білімнің ұснылуы» концепциясынан «білім - орнығу» концепциясына өтуді шынайылыққа, жүйелілікке айналдыратын инновациялық амалдар ұсыну. Оқыту нәтижелеріне негізделген үздіксіз білім алуды қамтамасыз ету. Білімдер мен түсініктер аясын кеңіту. Жаңа машықтар мен құзіреттілікке ие болу, тұлғаның дамуын байыту. Оқытудағы саралап оқыту әдістері, білім беру үдерісінің модульдік ұстанымы арқылы оқытуды біртектендіру және жіктеу. Өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі іске асыру технологиялары. Өзіндік даму, өзіндік жетілу, өзін-өзі жүзеге асыру-құзіретті маманды қалыптастырудағы тіректік үдерістер. Құзіретті маманның негізгі белгілері. Педагогтың портфолиосы. Мәселелік оқыту және жобалау әдісі, студенттердің өзіндік жұмысы, эссе. Жобалық оқыту. Өзіндік жұмысты жасауға жобалық-ұйымдастырушылық жақындау. Оқулық жобаны жасау технологиясы. Студенттердің шығармашылық ойлауын қалыптастыру.

Мамандық пен оқу пәндерінің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі.

Мамандықтың оқу-әдістемелік кешені, оның құрамы, негізгі талаптар. Пәннің оқу әдістемелік кешені, құрамы, негізгі талаптар. Пәннің бағдарламасын түзу, мазмұны, құрылымы, негізгі талаптар. Жұмыс-оқу бағдарламасы, құрылымы, мазмұны, негізгі талаптар. Пән бағдарламасы (силлабус), құрылымы, мазмұны, негізгі талаптар. Пәнді оқытуға арналған әдістемелік нұсқаулық, құрылымы, мазмұны, негізгі талаптар. Практикалық (семинар), зертханалық сабақтарды өтуге арналған әдістемелік нұсқаулық, құрылымы, мазмұны, негізгі талаптар. Курстық және дипломдық жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік нұсқаулықтарды дайындау.

Оқу және кәсіби іс-тәжірибе мен оқу-ғылыми өндірістік кешенін жоспарлау. Кәсіби іс-тәжірибе: жоғары білім берудің оқу кәсіби бағдарламасының міндетті компоненті. Іс-тәжірибе базасы: студентті мамандығына сәйкес тәжірибелік дайындайтын өндіріс, ұйым және мекеме. Іс-тәжірибе бағдарламасы: іс-тәжірибе мазмұны, мақсаттары мен мәселелері, жеке тапсырмалардың тақырыптары, есептік құжаттамалар мен есепке қосымшалар, әдебиеттер тізімі.

Инклюзивті білім беру. Инклюзивті білім берудің даму тарихы, теориясы және әдіснамалық негіздері. Инклюзивті білім берудің отандық және шетелдік тәжірибесі. Инклюзивті білім берудің нормативті-құқықтық негіздері. Инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың арнайы жағдайы. Мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамалары туралы ұғымдар. Мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау жолдары. Инклюзивті білім берудің ресурстық орталығы және ПМПК қызметі.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау, жүргізу, авторлық құқық құжаттарын дайындау. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының стратегиясы мен оны дамыту. Зерттеудің жоғарғы сапасына қол жеткізу. Зерттеу қызметін ұйымдастыру және басқару. Зерттеу стратегиясының қалыптасуы. «Заманауи университет» – ғылым мен инновацияның даму орталығы. Университеттегі инновациялық қызмет пен ғылыми зерттеулерді қаржыландыру көздері мен тәртібі, нормативтік-құқықтық реттелуі, ұйымдастырылуы. Зерттеу және кәсіпкерлік университет: дамудың алғышарттары, мемлекет және нарықпен өзара әрекеттестігі, ерекшелігі мен міндеттері. Авторлық құқық құжаттарын дайындау жолдары, реттілігі.

3. Тәжірибелік сабақтардың үлгілік тізбесі

1 практикалық жұмыс. Заманауи білім беру жүйесі. ҚР «Білім туралы» Заңы, ҚР-ның 2011-2020 жылдардағы білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Жалпыға міндетті білім бер стандартын зерделеу.

- 2 **практикалық жұмыс.** ЖОО оқу үдерісінің нормативтік құжаттары.
- 3 **практикалық жұмысы.** Білім нәтижесін бағалау жүйесі.
- 4 **практикалық жұмыс.** Үздіксіз білім беру жүйесіндегі заманауи әдістер.
- 5 **практикалық жұмыс.** Мамандық пен оқу пәндерінің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі.
- 6 **практикалық жұмыс.** Инклюзивті білім беру қағидалары.
- 7 **практикалық жұмыс.** Кәсіби іс-тәжірибе мен оқу-ғылыми өндірістік кешенін жоспарлау.
- 8 **практикалық жұмыс.** Авторлық құқық құжаттарын дайындау. Құжаттар топтамасын рәсімдеу.

4. Ұсынылатын әдебиеттер

1. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы.
Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген.
2. Андреев В.И. Эвристическое программирование учебно-исследовательской деятельности: Методическое пособие/ В.И.Андреев.- М.: Высш.школа,1981.
3. Бабанский Ю.К. Педагогика высшей школы/ Ю.К.Бабанский, Т.А.Ильина,З.У.Жантеева.-Алматы:Мектеп, 1989.-176с.
4. Байзаков У.А. Разработка теоретических принципов стандарта рейтинговой системы оценки знаний студентов // Высшая школа Казахстана, 2001.-№ 3-С.12-16.
5. Байзаков У.А. Разработка теоретических принципов стандарта рейтинговой системы оценки знаний студентов // Высшая школа Казахстана. 2001.-№ 3-С.12-16.
6. Бурибаев Б., Дузбаева Р. Учебно-методический комплекс дисциплины в условиях КСО//ВШК, 2006.-№2.-С.19-23
7. Е.Ю.Игнатъева. Менеджмент знаний в управлении качеством образовательного процесса в высшей школе.-Великий Новгород, 2008.
8. Кузнецов Н.И. Методика подготовки и оформления / Сост. И.Н.Кузнецов.- Минск.: Амолфея, 2000.-544с.
9. Қазақстандағы кредиттік оқыту жүйесінің негізі С.Б.Әбдіғапарова, Г.К.Ахметова, С.Р.Ибатуллин, А.А.Құсаинов, Б.А.Мырзалиев, С.М.Өмірбаев; Алматы-2004ж.
- 10.Лешкевич Т.Г. Философия науки: традиции и новаторство. Учебное пособие для студентов вузов.-М: «Изд-во ПРИОР». 2001-428с.
- 11.Өмірбаев С.М. Кредиттік оқыту жүйесі: принциптер мен концепциялардың маңызы. Ғылыми-педагогикалық журнал. Білім Алматы-2006ж. № 29

12. Чернилевский Д.В. Дидактические технологии в высшей школе.- М.:Юнити, 2002.
13. Шкутина Л.А., Плотников В.М., Егоров В.В. Основы исследовательской работы в профессиональной педагогике.- Алматы: Ғылым, 2000.-192с.
14. Штофф В.А. Проблемы методологии научного познания.- М.: Высшая школа, 1978.-271с.